

Жанғара Дәдебаев,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ПИФАГОР

Мектепте білім берген, өнеге көрсеткен мұғалімдерімнің бәрі де жақсы адамдар, асыл кісілер еді. Ұстаздың білімі, өнегесі шәкірттерінің бәріне ортақ болғанмен, оның қадірі мен қасиетін әр шәкірт өзінше түсінетін болар деп ойлаймын.

Мектеп партасында отырғанымда, алдымда сабақ берген мұғалімдерімнің бәрі үлкен азаматтар болатын. Сол шаққа бүгінгі күннің межесінен көз салсам, мұғалімдерім жап-жас жігіт қалпында көрінеді де, өзім ақ шашты, сары тісті қарт болып отырамын. Уақыттың өту жылдамдығын сеземін. Мұғалімдерімнің өткен жолын көз алдыма елестетемін, көңілдегі көп суреттің арасынан олардың бейнесін көремін.

Нұрғали Аманбаев ағам анда-санда сабақтан кейін тәрбие сағатын өткізетін. Даусын көтермей, бірқалыпты сөйлейді. Сөзі мағыналы. Дүниеде қандай да бір нәрсені, затты алу адамның өзінің еркінде болмайтынын, білімді алу ғана оның өз еркінде болатынын айтатын. Дүние байлығы мен білім байлығын жұмсаудағы ерекшеліктерді де анықтап беретін: адам дүние байлығын өз еркімен басқаларға бермейді, ал білім байлығын өз еркімен басқаларға бере алады; дүние байлығы жұмсаған сайын, біреуге берген сайын азаяды, ал білім байлығы жұмсаған сайын, біреуге берген сайын көбейеді.

Мектеп партасында отырған бала болсақ та, дүние байлығы мен білім байлығы туралы бұрын ешкімнен естімеген ерекше ғибрат алдық. Білім байлығын қанша қадірлеп тұрсақ та, дүние байлығына қызығатынымызды да аңғардық.

Бір жолы ағайымыз ақыл-ой тәрбиесі мен дене тәрбиесі туралы айтты. Тәнін жетілдіргендер мен білімін жетілдіргендердің сандық және сапалық көрсеткіштерін сипаттады. Жеті санының қасиетін айта келіп, ертеде қатарынан озған даралар мен даналардың қатары жеті санымен анықталғанын, олимпиядалық ойындарда жеті желаяқ жүйрік жан дараланып шығатынын, данышпандар сайысында да данышпандардың қатары жеті санымен белгіленгенін мысалға келтірді. Тиісті талаптарға сай саралағанда, жеті желаяқ жүйрік әр қаладан табылған, ал жеті данышпан жер шарын мекендеген бүкіл халықты саралағанда ғана анықталған. Осы әңгіме, жеті

санының қасиеті, желаяқ жүйріктер мен данышпандардың сандық көрсеткіштері оқушыларға ерекше әсер еткені есімде.

Бір күні Нұрғали ағам кезекті тәрбие сағаты үстінде:

– Сен мына кітапты оқыдың ба? – деп, маған бір кітапты көрсетті.

Мұқабасы тозып, ескірген кітап екен. Мұндай кітапты бұрын көрмегенмін.

– Жоқ, оқыған жоқпын, – дедім.

Нұрғали ағам кітапты маған беріп, оқушыларына арнаған сөзін жалғастыра берді. Мен кітапты қолыма алып, қарадым. «Үлкен жолда» деп аталады екен. Авторы – Әлжаппар Әбішев. 1949 жылы шығыпты. Асықпай оқырмын деп, кітапты оқулықтарыма қосып қойдым. Тәрбие сағаты бітті. Қайттық. Мен интернаттамын. Интернатқа келген соң, жайланып алып, Нұрғали ағам берген кітапты оқуға кірістім...

Кітап біздің ауылдың жылқышыларының өмірі туралы болып шықты. Кейіпкерлердің ішінде менің әкем мен анам бар екен. Кітап беттерінен әкемнің омырауындағы Еңбек Ерінің алтын жұлдызы жарқ-жұрқ етіп көрінеді. Ұлы Отан соғысында әкемнің әскерге жіберген сәйгүліктерінің бірін атақты Бауыржан Момышұлы мініпті. Сол сәйгүлік Бауыржан Момышұлын талай қатерден аман-есен алып шығыпты. Соғыс жеңіспен аяқталған соң, Бауыржан Момышұлы сол сәйгүлікті өсіріп, майданға жіберген жылқышыны іздепті...

Әкем менің он жасымда қайтыс болған. Жерлегенде басында болып, топырақ салғанмын. Нұрғали ағам берген кітапты оқығанда, әкемнің бейнесін де, өзін де көргендей болғам. Нұрғали ағам кітапты маған бергенде, менің осындай хал кешетінімді алдын ала білген-ау деп ойлағам. Сол ойдың өзегінен Нұрғали ағамның маған деген қамқор пейілін, жақсы ықыласын сезгенде, жүрегім елжіреген. Бұл бір ерекше ыстық және қас қағым сәт еді. Сол сәт көзімнен бұрқ етіп жас шыққан. Мұны осыған дейін ұмытпадым, осыған дейін ешкімге айтпадым. Мұғалімімнің рухына құрметімді білдіріп, қазір ғана айтып отырмын.

Қайран Нұрғали ағай! Ақпейіл, ақжүрек асыл ағам!

Біздің мектебіміз – Ойық орта мектебі. Мектеп тұрған ауыл – Ойық совхозы. Нұрғали ағам осы мектептің түлегі. Мектептегі оқуын медальмен аяқтаған. 1954 жылы Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтына (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) оқуға түсіп, оны 1958 жылы бітірген. Мамандығы – математика және физика мұғалімі. Бізге әуелі геометриядан, одан соң физикадан, содан кейін математикадан сабақ берді.

Геометрия пәнінің атауы қандай мағына беретіні туралы анық мәліметті Нұрғали ағайдың сабағынан алдық. Ғылым біткеннің падишасы геометрия екенін, оны айтқан Шығыстың ежелгі данышпандарының бірі Пифагор екенін естідік. Ағайымыздың геометрияның қадірін білдіру мақсатында ерте замандардан бері келе жатқан аңыздарға сүйенетіні де

болатын. Сондай аңыздардың бірінің ұзын-ырғасы есімде еміс-еміс қалыпты. Ертеде бір патша болыпты дейді. Сол патша геометрияны үйренбек болып, Пифагордан сабақ алуға келсе керек. Геометрияны үйренбек болып келген патша Пифагорға:

– Маған геометрияны оңай жолмен үйрет! – дейді.

Сонда Пифогор патшаға:

– Геометрияда патшаға арналған оңай жол жоқ, – деп жауап беріпті.

Мұғаліміміз осындай әңгімесімен оқушыларының назарын, ықыласын өзіне аударып алып, жаңа сабақты түсіндіруге көшетін. Геометриялық фигуралардың аудандарын табу туралы сабақтарын өткізгенде, үшбұрыштың ауданын табу басқа фигуралардың аудандарын табудың әуелгі негіз-тірегі секілді көрінетін. Үшбұрыштың ауданын табуды үйреткеннен кейін қалған фигуралардың аудандарын табу оңай сияқты еді. Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын табудың жолын түсіндіруінің өзі көзге көрнекі, көңілге қонымды болатын: а) тақтаға тікбұрышты үшбұрыш сызады; ә) осы үшбұрыштан тіктөртбұрыш жасайды. Тіктөртбұрыш өзара тең екі тікбұрышты үшбұрыштың қосындысы екенін көрсетеді. Мұғалім осыдан кейін тіктөртбұрыштың ауданын табады. Әрі қарай тіктөртбұрыштың ауданын екіге бөлгенде, тікбұрышты үшбұрыштың ауданы шығатынын ұқтыратын. Тікбұрышты үшбұрыштың, тіктөртбұрыштың аудандарын табудың жолдарын өрнектейтін, формулаға түсіретін. Ал тікбұрышты емес үшбұрыштардың ауданын табудың жолын бұдан аздап басқаша жолмен түсіндіретін. Осындай түсіндірулердің негізінде Пифагор теоремасына келетін.

Математика пәні бойынша берген сабақтарында ағамыз математиканың мәртебесін өсіретін. Математиканы ғылымдардың ғылымы көрді. Математикалық өрнектерді, формулаларды, теңдеулерді қоя тұрғанда, санның өзін керемет мадақтайтын. Дүние–әлем, тіршілік дегеніміздің сан екенін, тіпті қуаныш пен қайғының, шын мен өтіріктің, жақсы мен жаманның да өзегінде сан жататынын айтар еді. Бірде махаббат пен достық дегеніміздің де сан екенін, *segiz* санына сай келетінін айтып, оқушылардың бәрін таң қалдырған. Оның да жөні бар екен, 8 саны жаратылыстағы құрамдас бірліктердің келісімі мен үйлесімінің кемел деңгейі екен.

Нұрғали ағай мектептегі маңдайалды шахматшы болатын. Кезі, кезегі келгенде, интернаттағы тәртіпті көріп, жоғары сынып оқушыларымен шахмат ойнайтын. Мектеп оқушыларына шахмат ойынын үйрететін үйірме ашатынын айтатын. Шахматпен байланысты менің есімде, мен ғана емес, басқа оқушылардың да есінде айдай анық сақталып қалған бір жағдай болған. Геометриялық прогрессия туралы сабақтың үсті. Алдында арифметикалық прогрессия жайын тыңдағанбыз. Ағамыз бұл жолы сабағын шахмат туралы аңыздан бастады. Ерте-ерте, ерте екен. Үнді деген ел екен. Сол елде бір патша болыпты. Патшаның он саусағынан өнері тамған бір ақылды шебері болыпты. Шебер шахмат ойынын ойлап тауып, шахмат тақтасын

фигураларымен патшаға сыйға тартады. Ойын тәртібімен таныстырады. Патша шебердің сыйлығына қатты риза болып, оның еңбегі мен өнерінің қайтарымына лайықты тарту тартқысы келеді. Шебер өзінің патшадан ешқандай сыйлық сұрамайтынын білдіреді. Патша шебердің мұнысына әжептеуір өкпелі болып қалады. Сонда шебер сыйға сый ретінде патша шахмат тақтасының бірінші шаршысы үшін бидайдың 1 дәнін, кейінгі шаршыларының әрқайсысы үшін оның алдындағы шаршыдағы дәннің санын еселеп өсіріп беруді қалайды. Сөйтіп, шебер шахмат тақтасының бірінші шаршысына – 1 дән, екінші шаршысына – 2 дән, үшінші шаршысына – 4 дән, төртінші шаршысына – 8 дән, бесінші шаршысына – 16 дән, алтыншы шаршысына – 32 дән... деген сияқты сандық мөлшерді білдіреді.

Осыдан кейін Нұрғали ағай оқушыларына мынадай сұрақ қояды:

– Қалай ойлайсындар, шебердің патшадан сұраған сыйы аз ба, жоқ көп пе?

Оқушылар жамырай жауап береді:

– Аз, аз!

Нұрғали ағай сабағын әрі қарай жалғастырады. Патша шебердің сұрағанын өзінің мүмкіншілігінен әлдеқайда төмен, мардымсыз бірдеңе, айтуға тұрмастай аз секілді көріп, көңілі пәс болып қалады. Сөйткенмен шебердің сұрағанын беруді жөн көреді. Патша қызметшілері шеберге қанша бидай тиісті екенін есептегенде, ондай байлықтың бүкіл патшалықта жоқтығына көз жеткізеді. Оны сақтауға ені мен ұзындығы 8x10 м. және күн мен жердің арасына тіреу болғандай өте биік қамба керек болады екен...

Ағайымыз геометриялық прогрессияның мәнісін дәл сандарының шахмат тақтасының бір шаршысынан келесі шаршысына еселеп өсу ретімен сәйкес түсіндірді. Біздің есімізде осы күнге дейін сақталып қалғаны - шебердің патшадан алмақ астығының есепсіз молдығы. Сонымен бірге геометриялық прогрессияның мәнісі де осы күнге дейін ұмытылмапты.

Жаңа теориялық ұғымды оқушыларына көрнекі мысалдар негізінде түсіндіру Нұрғали ағаның педагогикалық шеберлігінің тамаша үлгісі екенін өзімнің мұғалімдік тәжірибем негізінде білдім. Педагогикалық шеберлік – асыл қазына. Педагогикалық шеберлік сынды асыл қазына құндылықтарын аздырмай, тоздырмай, ұдайы жақсартып, байытып отырған жағдайда оның игілігін бүкіл ел, мемлекет көреді. Нұрғали ағамның ұстаздық үлгісі, оқыту әдісі, педагогикалық шеберлігі баламасы жоқ асыл қазына екенін өзім ұстаз болғанда ұқтым. Нұрғали ағамның ұстаздық ұлағаты бүкіл ел, мемлекет үшін игілікті болғандай интеллектуалдық байлық екенін кейін түсіндім.

Нұрғали ағамның үлгісімен мұғалімдік жұмысты таңдадым. Педагогикалық училищеде оқыдым. Ауылда екі жыл бастауыш сынып мұғалімі болдым. Нұрғали ағам жоғары бағалаған Пифагор таблицасын көрнекі қағазға көркем етіп жазып, сынып тақтасының үстіне іліп қойдым. Одан беріде Ұлттық университетте жоғары білім алдым, аспирантурада, докторантурада зерттеу жұмыстарын жүргіздім, ұстаздық еттім – осы

қызметтерімнің бәрінде екі нәрсеге қолымды толық жеткізе алмай жүрдім. Оларды арнайы іздемедім, олармен арнайы айналыспадым. Нұрғали ағамның сабақтарындағы фигуралар мен өрнектер үлгісінде өз сабағымның мағыналық құрылым-жүйесін өрнектеп, университеттік білім беру ісінің технологиясына жаңа ағыс алып келу туралы ой сол екеудің бірі еді. Екіншісі Нұрғали ағамның өрнектері, математикалық формулалары, тендеулері үлгісіне салып, зерттеулеріме негіз болған құбылыстардың логикалық моделін математикалық өрнекке түсіру болатын. Осы екі ойымның кейбір қырлары ішінара жүзеге асқанмен, асыл негізі ашылмаған күйі қалады-ау деп те ойланатын кезім болады.

Бүгінде Ұлттық университеттің магистранттары мен докторанттарына сабақ беремін. Сабақ үстінде, реті келгенде, мектеп партасында Нұрғали ағамның сабағынан есімде қалған әңгімелерді айтамын, Нұрғали ағамның Пифагорының ғибратын еске аламын. Пифагордың өмір бойы жинаған білімін отандастарына беруді мақсат еткенін, бірақ оның ілімін отандастарынан ешкімнің керек қылмағанын, білім алуға, ғылым табуға ешкімнің ынта білдірмегенін, сонда Пифагордың бір ғажап айла ойлап тапқанын айтамын. Шәкірттерім Пифагордың қандай айла ойлап тапқанын білгісі келеді. Мен сөзімді жалғастырамын...

Пифагор гимназия оқушыларының доп ойнағанына қарап тұрып, бір оқушының басқалардан алғырлығын, икемділігін байқайды. Оқушы дене шынықтыруды жақсы көреді екен, өзі жоқ-жітік, кедей екен. Пифагор осы оқушыны шақырып алып, оған өзінің өмір бойы жинаған білімін үйреткісі келетінін, тұрмыс-тіршілігінде қиыншылық көрмейтіндей ақы төлеп, қамқорлық көрсететінін айтады.

Оқушы келісімін береді. Пифагор шәкіртін геометрияға үйрете бастайды. Шәкіртіне әр геометриялық фигураның мәнісін үйреткенде, оған ақы төлеп тұрады.

Шәкірт Пифагордың әр сабағынан білім алады, ұстазынан алған біліміне көңілі толып, әр сабаққа ұқыптылықпен, бар ынтасымен келетін болады. Пифагор шәкіртінің оқуға, білім алуға деген ынтасын байқап, енді оның алаңсыз оқитынына, қайткенде де сабақты тастап кетпейтініне сенеді. Әйтсе де ол, бір жағынан, шәкіртін сынақтан өткізгісі, екінші жағынан, оның ғылым жолынан таймайтынына көз жеткізгісі келеді. Осыдан кейін Пифагор шәкіртіне өзінің кедейлігін, қаржы тапшылығын айтып, оқыту ісін бұдан ары қарай жалғастыруға шамасы келмейтінін ескертеді. Шәкірт оқуын үзгісі келмей: «Мен Сізден ақы алмай-ақ оқып-үйренейін», - дейді. Пифагор өмір сүру үшін ең қажетті деген нәрселерге де мұқтаж екенін, күнделікті ішіп-жейтін ас-суын табу үшін оқу ісін уақытша болса да тоқтатуға мәжбүр болып отырғанын білдіреді. Шәкірт енді ұстазының әр сабағы үшін оған өзі ақы төлеп тұруға дайын екенін, оған әрдайым қамқор болатынын айтып, білім беру ісін үзбеуді сұрайды.

Әңгіменің аяғын: «Білім білімге қонады», – деп түйемін. Бұл да

Нұрғали ағамнан қалған қанатты сөз.

Нұрғали ағам шәкірттеріне:

– Ұйықтар алдында мынадай үш сұраққа жауап іздеңдер, – дейді. Ол сұрақтар мынадай болатын: а) бүгін не бітірдім? ә) нені істемедім? б) неден кателестім?

Ұйқыдан тұрар алдында шәкірттерінің өздеріне тағы бір сұрақ қойып, соған жауап табуын тапсыратын. Ол мынадай: бүгін не істеймін?

Оқушылардың бірі осы сұрақтарды Абайдың қойғанын айтады. Екінші бір оқушы оған келіспейді. Үшінші бір оқушы бұл сұрақтарды әуелде қандай адамның қойғанын сұрайды. Мұғаліміміз бұл сұрақты әуелде қойған адамның атын атайды:

– Пифагор.

Оқушылар енді ұстаздарынан естіген басқа бір қанатты сөздердің айтушыларын анықтағысы келеді. «Аяқ киімді алдымен оң аяғыңа ки, жуғанда алдымен сол аяғыңды жу», – деген сөздерді Пифагордың айтқанына күмән келтіретін оқушылар болады. Енді бір оқушы Пифагордың: «Күнге қарап отырма», – деген сөзінің мәнісін сұрайды. Келісі бір бала Пифагордың: «Кетіп бара жатып артыңа қарама», – деген сөзін қалай түсінуге болатынын сұрайды.

Бізде сұрақ көп. Жауап нақты, аз сөзбен айтылады. Әрі қарай өзіміздің ортамыздан шыққан ойшылдар ой қозғайды.

Ұстаз: «Өмір ойын алаңына ұқсайды», – дейтін. Оған біреулер жарысу үшін, біреулер доп ойнау үшін, біреулер сауда жасау үшін, біреулер дүние жинау үшін келеді екен. Дүниеге оны көріп, қызықтау үшін келетіндер де болады екен. Соның бәрінде адам өзінің адамшылығын сақтап қалуы керек екен. Олай болмаса, дүниені ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылық, сұм мен сұмдық басып кететін көрінеді. Талапсыз, ерік-жігерсіз адамдар өмірге дүниенің құлы, атақтың құлы, мансаптың құлы болып келгенде, талапты, ерікті, жігерлі жандар ақыл-ой байлығын іздеу үшін, ақиқатты тану үшін келеді екен. Ақиқатты тануда даналыққа жеткендерді *философ* дейді екен. Бұл сөздің алғашқы бөлігі *сую*, *құштар* болу деген мағынаны, кейінгі бөлігі *даналық* деген мағынаны білдіреді екен. Екеуінің бірлігінен *даналыққа құштарлық* деген мағына туады екен. *Философ* деп жүргеніміз *даналыққа құштар* адам екен...

Нұрғали ағамның геометриясы да, физикасы да, математикасы да осындай ойландыратын ойларға бай болатын. Сабақ үстінде, сабақтан тыс кездерде айтқан ойлы сөздерінің өзегінен Пифагор даналығының ағысы сезілетін.

Әлде патша, әлде бек біреу Пифагордан сұрапты дейді:

– Сен кімсің? – деп.

Сонда Пифагор:

– Мен – философпын, – деп жауап берген.

Ұстаздың айтуынша, *философ* деген сөздің шығу тарихы осындай.

Пифагорға дейін адамзаттың тілдік қорында *философ* деген сөз болмаған.

Мектеп оқушыларының ішінде небір қиялы жүйрік, ойы ұшқырлар бар. Солардың бірінің айтуынан Нұрғали ағамның *Пифагор* деген жанама аты барын білдім. Нұрғали ағамды бізден кейінгілер де *Пифагор* деп атапты. Десе дегендей еді. Пифагор... Нұрғали ағам туралы эссемді осылай атадым.

Ақкөлден Ойыққа барар үлкен жолдың бойында асу бар. Жүргіншілер одан абайлап асып, асықпай түседі. Асудың үсті маған жердің биігі сияқты болып көрінеді. Әрі қарай көз ұшына дейін мидай дала. Кейде сол биікке шығамын. Ойша. Алдымдағы ұлы далаға қараймын. Ойша. Онда ел мен жердің тарихы тұнып тұрады. Оның самалдай ескен сырлы сазы менің көңілімде тербеледі. Өзім де тербелемін. Тербеліп тұрып, Нұрғали ағамның үш сұрағына жауап іздеймін: а) не бітірдім? ә) нені істемедім? б) неден қателестім?

11.11.2019